

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы, Халықаралық Түркі академиясы 2025 жылдың 12 қыркүйегінде Алматыда Абайдың 180 жылдығы аясында «Данышпан ақын Абай мұрасы және түркі әлеміндегі рухани сабақтастық» тақырыбында ғылыми конференция өткізді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының директоры, ҚР Жоғары мектеп ҰҒА академигі, профессор Жанғара Дәдебаевтың осы конференцияда жасаған баяндамасын ұсынамыз.

Абай институты порталы

ҚАЗІРГІ АБАЙТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері абайтану ғылымының бүгінге дейін жеткен жетістіктерінің өзегінен өніп шығады. Мен өз баяндамамда қазіргі абайтанудың өзекті деген кейбір мәселелерін Сіздердің назарларыңызға Мемлекет басшысының Жолдауында негізделген міндеттермен және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының осы саладағы бүгінгі күнгі жетістіктерімен сабақтас ұсынғым келеді.

Бірінші мәселе Абайдың таксономиясына қатысты.

Абайдың танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиясы туралы негіздеген қағидалар жүйесі - өз алдына күрделі құбылыс. Бұл құбылыстың құрамдастарын анықтау, ол құрамдастардың арасындағы қатынастар, байланыстар заңдылығын саралау, танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиялық жүйесін пішіндеу, оның логикалық моделін жасау аса маңызды міндет еді. Зерттеу барысында бұл міндеттер ойдағыдай орындалды.

Абайдың іліміндегі білім алушының танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиялық жүйесі, оның тарихи, ғылыми мәні айрықша маңызды. XIX ғасырда негізделген осы иерархиялық жүйеге XXI ғасырға дейін мән бермей, мәнісіне үңілмей өткеніміз өкінішті.

Абай негіздеген танымдық ойлау әрекеттерінің иерархиялық жүйесін бұзбай, өзгертпей қабылдап, білім беру ісіне, оқу үдерісіне енгізудің үлкен әлеуметтік маңызы бар. Абай іліміндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесін **Абайдың таксономиясы** деп атадық.

Абайдың таксономиясындағы танымдық әрекеттердің иерархиясы мынадай: **талап→қабылдау→білу→түсіну→есте сақтау→қолдану**

Абай ғылыми зерттеу институты Абай таксономиясының осы жүйесін арнайы зерттеулер нәтижесінде негіздеді. Бұл – өз алдына күрделі танымдық үдерістер жүйесі. Оның әр құрамдасы өзінен кейінгі құрамдастың негізі қызметін атқарады және бірінсіз бірі толық болмайды.

Ғылым мен білімнің бүгінгі жетістіктері биігінен қарағанда, Абайдың таксономиясының қай заман үшін де өмірлік маңызы жоғары. Білім, білу жайында мұншалық терең, толық негізделген қағидалар, біз **Абайдың таксономиясы** деп атап отырған иерархиялық жүйе ғылыми ойдың кеңістігінде Абайға дейін де, Абайдан кейін де болған емес. **Абайдың**

таксономиясы – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, ұлттық білім беру ісіне методологиялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық. Абайдың таксономиясы – тұтас түрік халықтарының рухани байлығы.

Абай ғылыми зерттеу институтының абайтанудағы келесі бір жетістігі – Абайдың Кісілік кодексі. Абайдың Кісілік кодексі он тоғыз баптан тұрады. Әр баптың Кодекске енуі тиісті методологиялық ұстанымдарға негізделді. Ақынның: **Құдайдан қорық, пендеден ұял**, - деген бұйрық райлы сөзі Кодекске бірінші бап болып енді. Он тоғызыншы бап мына сөзбен тиянақталды: **Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп**.

Абайдың Кісілік кодексі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университетінің зияткерлік меншік құқығының нысаны. Елдің өсер өркені үшін Абайдың Кісілік кодексінің әр бабының ғибраты, танымдық тағылымы, өмірлік мәні бар, адамның адамдық негізі де сонда.

Бүгінде Абайдың Кісілік кодексі университет қалашығында екі баннерге орналастырылды, оқу ғимараттарына қойылды. Бұл да жетістік. Алайда Абайдың Кісілік кодексі бір университеттің ғана емес, бар оқу мекемелерінің, барлық ғылым, білім, мәдениет мекемелерінің алдында, жастар көп жүретін саябақтарда цифрлық форматта орналастырылуы қажет. Бұл өз алдына бөлек мәселе, абайтанудың ғана емес, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізумен, ел игілігіне пайдаланумен байланысты туған әлеуметтік, қоғамдық, мемлекеттік маңызы бар өзекті мәселе.

Енді үшінші мәселенің жайына келейін.

Абай ғылыми зерттеу институтының зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде өндірілген өнімдердің бірі – «Абай ілімі» оқу пәні. Оқу пәні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2021/2022 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін оқу пәндерінің тобында таңдау пәні қатарында оқытылып келеді. Оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілген. Сынақтан толық өтті. «Абай ілімі» басты ұстанымдары, құрамдас бөлімдері, бастау көздері, категориялары, мағыналық-құрылымдық жүйесі толық анықталған және жеткілікті негізделген дербес оқу пәніне айналды. Бүгінде Абай ілімі түрліше аталып келеді: Абайдың толық адам ілімі; абайтану ілімі; Абайдың кемел адам ілімі; Абайдың адамгершілік ілімі т.б. Ілім сөзінің алдына басқа да анықтауыш сөздер қойып айта беретін болдық. Солардың бәрінде қайталанатын екі сөз бар. Оның бірі – Абай, екіншісі – ілім. Басқаша айтқанда, осы атаулардың бәрі **Абай ілімі** деген ұғымнан шығады. Сондықтан да біз оқу пәнінің атауын «Абай ілімі» деп атап, белгіленген тәртіпте өндіріске енгіздік. Ендігі міндет – «Абай ілімі» оқу пәнін барлық жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларына міндетті пән ретінде енгізу.

Абайдың таксономиясын, Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін Фараби университетінің зияткерлік қызметінің нәтижесінде қол жеткен

баламасы жоқ баянды байлық деп білеміз. Бұл байлығымыз уақыт талабына орай цифрлық форматта университеттің «Абайтану антологиясы» атты ашық интеллектуалдық е-ресурстар базасында тұтынушылардың еркін пайдалануына ұсынылды. Онда тұтас түрік халықтарына ортақ ақыл-ой қазынамыздың әлем жұртшылығының жанарын жасқағандай жарығы мен жарқылы бар. Абай адамзат ақыл-ойының кеңістігінде қалыптастырған даналық ұстанымдар мен қағидалардың бірбүтін жүйесін тұтас түрік халықтарына ортақ негізімен айрықша асыл рухани құндылық деңгейінде бағалаймыз. Оны білу, түсіну, қолдану әлеумет үшін ауадай қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (2025) «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оларды түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» мақсатында адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер негізделді. «Сапасы жоғары адами ресурстар қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі» екені туралы тұжырым жасалды. Бұл тұжырымды іс жүзіне асырудың маңызы зор. Ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандар кәсіби біліммен қатар Абайдың таксономиясын, Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін білу, түсіну және өмірде қолдану нәтижесінде даярланады. Абайдың таксономиясын, Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін білмей саналы маман болатын, саналы Кісі болатын жол жоқ.

Халық: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», - дейді. Абай ілімі алтын емес. Абай ілімі қолда тұрмайды. Абай ілімінің жарығы жүректе ғана жанады. Абай ілімі – алтыннан ардақты рухани құндылығымыз. Абай ілімін оқымай, Абай ілімін оқытпай, Абай ілімін білмей, Абай ілімін күнделікті қолданбай мақтануға да, баптануға да болмайды.

Айтылған жайларды негізге ала отырып, конференцияға қазіргі абайтанудың әлеуметтік маңызы зор, өзекті деген мынадай үш мәселесі бойынша ұсыныс жасаймын:

- 1) Абайдың таксономиясын отандық білім беру саласында өндіріске енгізуге ықпал ету;
- 2) Абайдың Кісілік кодексін білім, ғылым, мәдениет, әкімдік мекемелерінің алаңдарында баннерлерге цифрлық форматта орналастырып, көпшіліктің игілігіне көрнекі үлгіде ұсынуға ықпал ету;
- 3) «Абай ілімі» оқу пәнін жоғары білім беру бағдарламаларына міндетті пән ретінде енгізуге ықпал ету.

Рақымет!

Ж. Дәдебаев